

Список использованных источников

1. Ардаширов А.Ф. К вопросу о роли новометодных мактабов (по материалам Андижанской области). Ученые записки Андижанского госпединститута, ном. 6. 1957.
2. Бартольд В.В. Ислам. Изд. «Огни», Петроград, 1918. 112 с.
3. Бартольд В.В. Ислам и культура мусульманства. Изд-во МГТУ, М., 1992. 627 с.
4. Турсунов Т.Т. Октябрьская революция и узбекский театр. Ташкент, 1983.
5. Лунин Б.В. Историография общественных наук в Узбекистане: библиографические очерки. Ташкент. 1974.
6. Лыкошин Н.С. Положение в Туркестане. Петроград, 1916.
7. Фаттаев М. Видные педагоги Самарканда. Самарканд. 1961.
8. Abdughafurov, Zokirjon Furqat: hayoti va ijodi. Tashkent, 1977.
9. Вадуд М. «Муаллим Абдукодир Шакур», Садои Шарқ, 1990, №. 8, 5.
10. Usmon O., Ozbekistonda rus tilining ilk targhibotchilari (Tashkent, 1962),
11. Sirojiddin A. Munavvar qori, Sharq yulduzi, 1992, no. 5.
12. Muhammadjon Shukurov. Zindaginomai Ajzi.// Sadoi Sharq, 1992, no. 2,
13. Shukurov M.Zindaginomai Ajzi.// Sadoi Sharq , 1992, no. 2, 123-124
14. Dr.Baymirza HAYIT. Türkistan Devletlerinin Millî Mücadeleleri Tarihi. Türk Tarih Kurumu. S. 79.

ӘОЖ 94(547)

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ

Умаралиев Жандос

umarali99@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Тарих факультетінің 3 курс студенті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Ерденбекова Жанар Сейтқалиқызы

Орта ғасырлардағы Қазақстан аймағында қазақ мемлекетінің қалыптасуы мен дамуының қазақ халқының құралуы мен топтасуында, қазақ этносының қалыптасуында, XV-XVII ғасырлардағы этностың тұтастығын сақтауда аса зор маңызы болды. Қазақ хандығының пайда болуы Шығыс Дешті Қыпшақтың, Жетісу мен Түркістанның кең-байтақ аумағындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің заңды қорытындысы болды. Аралас экономикалық, көшпелі мал шаруашылығы мен отырықшы-егіншілік, қала шаруашылығы қалыптасқан өлкелердің табиғи интеграциясы негізінде XIV-XV ғасырларда тұтас экономикалық ауданның құрылуы аймақтың бүкіл жерінің бір саяси құрылымға бірігуіне қолайлы жағдай әзірледі. Аймақтың көшпелі және отырықшы халқының экономикалық, мәдени, қоғамдық-саяси байланыстарының нығаюы қазақ рулары мен тайпаларының этникалық жағынан бірігуіне, халықтың ұзаққа созылған қалыптасу процесінің іс жүзінде аяқталуына себепші болды. Қазақ мемлекеті құрылуының объективті себептері мен шарттары ірі этникалық-әлеуметтік қауымдастықтың өзінің біртұтас әлеуметтік-аумақтық мемлекеттік ұйымын құруға ұмтылуы соңғы уақытқа ұлттардың құрылу кезіне ғана емес, Орталық Азия аймағының қазіргі халықтары қалыптасқан орта ғасырларға да тән [1, 320].

Қазақстан аумағында біртұтас мемлекеттілік Алтын Орданың бөлінуі кезінен бастап, Қазақ хандығы пайда болып, нығайғанға дейін жергілікті этникалық негізде қалыптасты. Әбілқайыр хандығы ыдырағаннан кейін нақ сол қалыптасқан халықта, нақ сол этникалық аумақта, нақ сол шаруашылық-экономикалық жағдайларда билеуші әулет қана алмасып, Жошы ұрпақтарының бұрынғы тармағының билігі қалпына келтіріледі. Билеуші әулеттердің алмасуы, саясат саласында болған өзгерістер қоғамның экономикалық негізіне әсер еткен жоқ.

Керей мен Жәнібек «қазақтарының» Әбілқайыр «өзбектерінен» этникалық құрамы жөнінен де, әлеуметтік-мәдени дамуы, кәсібінің тегі, материалдық тұрмысы шаруашылығы жөнінен де еш айырмашылығы болмады. Ақ Орда мемлекетін, Әбілқайыр хандығын, Моғолстанның солтүстік бөлігін (Жетісуды) және Ноғай Ордасын қазақ халқының ірі этникалық топтары мекендеді. Қазақ хандығы Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы мемлекеттігінің және жоғарыда айтылған басқа да мемлекеттердің тікелей жалғасы болды. Осы мемлекеттерт шеңберінде қазақ халқы қалыптасуының ұзаққа созылған процесі, ал Қазақ хандығында біртұтас халықтың біржола топтасуы аяқталды, этникалық процестермен бірге қазақ мемлекеттігінің өзінде қалыптасып, дамиды, ол бұрын Қазақстан аумағында мекендеген тайпалар Мең халықтардың (кимектердің, қыпшақтардың, наймандардың және басқа да түрік халықтардың) феодалдық мемлекеттігі дамуының тікелей жалғасы болды [1, 325].

XV ғасырда шаңырақ көтерген Қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек Орта Азиядағы алғашқы ұлттық деңгейдегі мемлекеттің іргесін қалады. Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында «Қазақ хандығын Орталық Азиядағы тұңғыш ұлттық мемлекет» деп ерекше атап өткен болатын [2, 211].

Ұлан-байтақ Қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың басталғанына 3 мың жылдай уақыт болды. Скифтердің, одан кейінгі сақтардың, ғұндардың, үйсіндердің, қаңлылардың тарихы Қазақстанның ежелгі дәуірдегі тарихының маңызды бір бөлігі болса, олардың мемлекеттік тарихы да қазақ жеріндегі мемлекеттік тарихтың бастаулары болып саналады. Түрік дәуірінде мемлекеттілік нығая түсіп, ол қағанат(империя) деңгейіне дейін көтеріледі. Ал Алтын Орда дәуіріндегі мемлекеттіктің тарихы баршаға мәлім. Бірнеше ғасыр бойы Еуразия аумағындағы жалғыз империя болған Алтын Орда өзінің тарихи міндетін атқарып, өз жолын оның орнында құрылған ұлттық сипаттағы мемлекеттерге береді. Қырым хандығы, Қазан хандығы, Сібір хандығы, Астрахан хандығы, Ноғай Ордасы, Ақ Орда, Әбілқайыр хандығы және Қазақ хандығы, міне бұл аталған мемлекеттердің бәрі – Жошы Ұлысы немесе Алтын Орданың шекпенінен шыққан мемлекеттер, Алтын Ордадағы мемлекеттілік дәстүрді одан әрі жалғастырушылар. Өкінішке орай, аталған мемлекеттердің бәрі дерлік XVI–XVII ғасырларда тарихтың көшінде қалып қойды. Алтын Орданың мұрагерлері ішінде ең ұзақ өмір сүрген Қазақ хандығы болды. Оның ғұмыры XIX ғасырдың 20-шы жылдарының орта тұсында тоқатылады. Қазақ тарихында бұл мемлекеттің өмір сүрген кезеңі хандық дәуір деп аталып, ол үш жарым ғасыр уақытты қамтиды [3, 3].

1) 3. Қианатұлы Керей мен Жәнібек бастаған тайпалар тобының Жетісуға келуіне байланысты, ол ел Әбілқайырдан «бөлініп-жарылып» немесе «қашып» өткен көш емес», «Керей мен Жәнібек өз елінен бөгде жұртқа ауып кеткен жоқ, тек ол өзінің этнотерриториясының бір бөлімін енді бір шетіне, өз этно-бірлігінің бір бөлімінен енді бір бөлімінің ортасына көшіп орналасты», – деген тұжырымдарын айтады [4, 224–225].

2) Қазақ хандығының құрылған жылы туралы пікірінде зерттеуші мынандай тұжырымдарды негіздеуге тырысады. 1455–1456 жылдары Шу бойына көшіп келген Керей мен Жәнібектің мақсаты – Жетісудағы қазақтардың көлемді бөлігі Ұлы Жүзбен табысу, ондағы жұртқа арқа сүйеп, шайбанилықтар басып алған ел-жұртты азат ету болды дей келе, олардың қадамы 870 (1465–1466) жылы жүзеге асты, қазақтар саяси билігін өз қолына алып, іс жүзінде Ақ Орданың шаңырағын қайта көтереді [4, 240]. 3. Қианатұлының «1466-жылы құрылған Қазақ хандығының қара шаңырағы яғни қазақтың алғашқы мемлекеті Ақ Орда ұлысы» деп қазақ мемлекетінің бастауы ретінде қарастырған болатын [4, 173].

Қазақ хандары Жошының үлкен ұлы Орда Еженнен таралған деген пікірді 3. Қианатұлы моңғол тіліндегі дерек мәліметіне сүйеніп дәлелдейді. Ол Орыс ханның шығу тегі Орда Еженнен бастау алады деген пікірді қостайтынын білдіре келе, оны «тек араб, парсы тарихи шежірелері ғана емес, моңғолдың төл тарихи шежірелерінің бірі «Чингис хааны язгуур торлийн цадигууд» (Шыңғыс ханның ата шежіресі) де растайды. Шежіренің (цадиг) №5 – кестесінде Жошы әулетінің ақордалық хандар кестесін Шыңғыс хан – Жошы – Ор-дана

– Кали (Кули) – Буян (Баян) – Сасыбұқа – Абисан (Эрзен) – Шымтай – Орыс хан деп, Орыс ханды Орда Еженнің тоғызыншы ұрпағы деп таниды», – деген болатын [4, 228-230].

Орыс хан әулетінен әйгілі үш шаңырақ тарайды.

1. Тоқтақия шаңырағы. Бұл шаңырақтан Қазақ хандығының алғашқы ханы Керей хан ұрпағы тарайды.

2. Темір-Мәлік шаңырағы. Одан Алтын соңғы хан ұрпақары (Темір-Құтылық, Шәдібек, Фулад хан, Тимур ұрпақтары Мұхаммед сұлтан қатарлы) тарайды.

3. Құйыршық хан шыңырағынан Барақ хан тарайды. Барақ ұлы Жәнібектен Кенесары Қасымұлына дейінгі барлық хандар – осы шаңырақтың түлектері (Қазақтың хан әулеті кестесін көріңіз). Осыған байланысты “Қазақ хандарының атасы” туралы сөз болғанда, тарихшы-шежірешілер әрқашанда Орыс ханға тоқталып отырған. Ш.Ш.Уәлиханов “Қырғыз (Қазақ) хандарының атасы Орыс хан Алтын Ордада таққа отырды деседі [4, 232].

Т.И. Сұлтанов ол бірінші топтағы деректерге, яғни Орыс ханды Жошының кіші ұлы Тұқай Темірден тарататын деректерге мыналарды жатқызады:

1) 1426 жылы Темір әулетінің билеушісі Шахрухтың тапсырмасымен белгісіз автор құрастырған «Му’изз ал-ансаб» («Книга, Прославляющая генеологию») еңбегінің мәліметтері. Ол бойынша Орыс ханның шығу тегі: «Тұқай Темір, одан Урингтам, одан Аунк, одан Бактук, одан Темірхожа, одан Бадак, ал одан Орыс хан», – болып келеді [5, 140].

2) 1504 жыл шамасында Орта Азияда белгісіз автор жазған «Тауарих-и гузида-ий нусрат-наме» («Нусрат-наме») дерегінің мәліметтері. Ол бойынша Орыс ханның шығуы: Тұқай Темір, одан Өзтемір, одан Хожа, одан Бадық, ал одан Орыс хан болып беріледі [5, 140–б.].

3) Әбілғазының (1603–1664) «Түрік шежіресінің мәліметі». Ол бойынша Тұқай Темірден Өзтемір, одан Хожа, одан Бадақұл, ал Одан Орыс хан болып келеді [5, 140].

Екінші топтағы деректерде яғни Орыс ханды Жошының Үлкен ұлы Орда Еженнен таралатындығын көрсететін деректерге Т.И.Сұлтанов төмендегідей еңбектерді жатқызып, оларды:

1. 1413–14 жылы Муин ад-дин Натанзи жазған «Мунтахаб ат-Тауарих-и Муини» немесе «Ескендірдің анонимі» атты шығарма;

2. 1564–65 жылы жазылған ал-Гаффаридың «Нусах-и джаһа-Нара» атты еңбегі, – деп көрсетеді ;

3. 1611 және 1619 жылдар аралығында жазылған Хайдар ибн Әли Хусайин Разидың «Тарих-и Хайдари» атты еңбегі. Сонымен Бірге бұл топқа XVII ғасырдағы Осман тарихшысы Мунаджим-Башының «Джами ад-двуал» («Собрание династий») атты шығармасы да жатады. Бұл деректер бойынша Орыс ханның тегі: Орданың ұлы Құли, одан Нукай, одан Сасы Бұқа, одан Ерзен, одан Шымтай, ал одан Орыс хан, – деп берілген [5, 140–141].

Алтын Орданың құрамында болған (Қырым хандығы, Астраханьдықтар, Татарлар, т.б.) өз дербестігін сақтай алмай қалды. Дербестігін сақтап, тәуелсіз ел болып отырған бұл кешегі Қазақ хандығы және бүгінгі Қазақстан Республикасы. Жошы ұлысына тиесілі болған үлкен кеңістіктің 80-90 пайызы бүгінгі Қазақстан территориясына тән болып отыр. Жоғарыда келтірілген ғылыми ой-пікірлер, тұжырымдарға сүйене отырып, Қазақ хандығының қара шаңырағы Алтын Орда одан Ақ Орда мемлекеттері екені шубәсіз.

Қазақтың қазіргі этнотерриториясы, қазақ халқы, қазақ ұлтының қалыптасу процесі Жошы ұлысы, оның сол қанаты Ақ Орда дәуірінде қалыптасты. Жетісудың батыс оңтүстік бөлімі, Ертістен Ұлытау Қаратауға дейінгі Сахара Ақ Орда билігінде болды. Ақ Орданың территориясы жылдан-жылға ұлғая түсті. Орда Еженнің шөбересі Қоныштың тұсында Ақ орда иелігі Женд, Узкент, Сырдарияның ортаңғы ағысына дейін жетті. Осыған байланысты кейіннен Ақ Орданың орталығы Сығанаққа аударылып, Сығанақ қайта бой көтерді. Ақ Орда басында Сарайдағы орталық билікке қарасты болды. Ал, XIV ғасырдың орта кезінен, Орыс ханның тұсында Ақ Орда хандарының қажырлы күресінің арқасында барша Алтын Ордаға билігін орнатты. Бұл тұрғысынан қазақ мемлекеті Алтын Орда державасының мұрагері деуге

толық мүмкіндік бар. Қазақ атына ие болған біздің мемлекетіміздің басты нышандары Шыңғыс хан – Жошы хан ұрпақтары дәуірінде қалыптасты. Ал, Алтын Орда және Ақ Орданың ханы Орыс ханның шөберелері (Орыс хан – Құйыршық-Барақ-Жәнібек; Орыс хан-Құйыршық-Әніке Болат-Керей) Керей, Жәнібектен бастап қазақтың соңғы ханы Кенесары Қасымұлына дейінгі барлық хандар Жошының тұңғыш ұлы Орда Еженнің тікелей ұрпақтары. Олар атасы Шыңғыс хансыз-ақ өздерін қазақ санайтын, моңғолдығы әлде қашан ұмытылған буынның өкілдері. Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін ғасырлар бойы жүргізген қажырлы күресі арқылы, олар ата-бабаларының қазақ даласында жасаған қияметін ісімен ақтаған тұлғалар. Кезінде Еуроазияның қақпасы саналған XIV ғасырдың соңында Ақсақ Темір ойран салған Сарайшық, Сарай-Беркені солар салдырып, Сауран, Сығанақты солар қайта түлеткен еді. Қазақ халқын сонынан ертіп, қазақты өз алдына дербес этнос, ұлт деңгейіне көтеріп, мемлекеттің дербестігін сақтап қалды. («Жас Алаш» газеті, 2004 ж, 7 ақпан.).

Қолданған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық II том. – Алматы: «Атамұра», 1998, – 640 бет.
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 бет.
3. Кәрібаев Б.Б. Қазақ хандығының құрылуы тарихы. – Алматы: «Сардар» Баспа үйі, 2015. – 520 бет.
4. Қиянатұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан (тарихи-сараптамалық зерттеу). Астана: “Елорда”, 2004, – 344 б.
5. Сұлтанов Т.И. Поднятые на белой кошме. Потомки Чингиз-Хана. – Алматы, 2001. – 276 с.

УДК 94 (574)

РАСПАД И СПЕЦИФИКА ВОСТОЧНО-ТЮРКСКОГО И ЗАПАДНО-ТЮРКСКОГО КАГАНАТОВ

Черепков Артем Андреевич

Cherepkov-artem@bk.ru.

Студент 2 курса Высшей школы гуманитарных наук

Павлодар, Казахстан.

Научный руководитель – к. и. н., доцент Н.Е. Кузембаев.

Данная тема является актуальной, так как по исследовательским материалам можно понять, как жили люди в раннем средневековье. Сейчас по исследовательским данным можно воссоздать, что происходило после распада эры каганатов и понять какие устои этносов перешли дальше. У данной темы имеются проблемы в сфере изученности, но и одновременно является интересной для познания нового материала.

Целью работы, является исследовать причины распада и специфику Восточно-тюркского и Западно-тюркского каганата.

После распада Тюркского каганата в 603 году на политической арене Средней Азии образовались Восточно-тюркский и Западно-тюркские каганаты, собравшие в себя его этнос, культуру и религию. Этнический состав представителей тюркского населения включал в себя непосредственно представителей тюркского рода: Ашина, уйсуней, кангюев, тюргешей, уйгур, кыргызов, карлуков, огузов, кимаков, кыпчаков, что по руническим надписям составляли - «он-ок-будун» - народ десяти стрел - в Восточно-тюркском и входили в состав Западно-тюркского каганатов [6, 123-124].

Территория же Западно-тюркского каганата по истине величественна. По мнению К.М. Байпакова Западно-тюркский каганат включал в себя Жетысу, Южный Казахстан, Среднюю Азию, Афганистан и Восточный Туркестан. Ставка Западного каганата располагалась в